

Н.Н. Кайранбаева¹⁵, Ө.О. Тұяқбаев¹⁵*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: omirabuali@gmail.com

«ТАҢСҰҚ-НӘМЕ ИЛХӘНІ» – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МЕДИЦИНАНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ

«Таңсұқ-нәме Илхәні» – ортағасырлық медициналық аударма шығарма тек шығыс медицинасын тануға емес, сондай-ақ Орталық Азиядағы сол кезеңдегі түркі тайпаларының дәстүрлі медициналық тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды дереккөздің бірі. Аталған шығармада адамның анатомиялық құрылысы мен физиологиясы туралы мәліметтермен қатар, түрлі ауруларды анықтаудың жолдары, ем-дом түрлері сипатталады. Бұл мақалада «Таңсұқ-нәме Илхәні» шығармасының тарихи және ғылыми маңызына қысқа шолу жасалып, оның мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады, Орта Азиядағы медицина білімі мен тәжірибелердің өзара алмасулары үрдісі талданады. Бұл міндеттердің үддесінен шығу үшін мәтіндік-салыстырмалы, тарихи-деректанулық, және жүйелеу әдістері қолданылады. Нәтижесінде белгілі автор Рашид ад-дин ат-Табибтің аударған шығармасы түрлі мәдениеттердің тоғысу процесі көрінісін, ортағасырлық медициналық дәстүрлер мен тәжірибелердің, парадигмалардың синтезін көрсететін маңызды мұра екендігі анықталды.

Бұл шығарманың тарихи-мәдени маңызы отандық ғылымда бұрын-соңды талданған емес, сондықтан, мақала нәтижелері болашақ тарихи-медициналық және деректанулық зерттеулерге практикалық негіз болады деп сенеміз.

Түйін сөздер: медицина тарихы, дәстүрлі медицина, ортағасырлық трактаттар, «Таңсұқ-нәме Илхәні».

N. Kairanbayeva, O. Tuyakbayev*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: omirabuali@gmail.com

The *Tansuqnāma-i Ilkhānī* as a Historical Source of Traditional Medicine in Central Asia

Tansuqnāma-i Ilkhānī is a medieval medical translation that serves as a significant source not only for understanding Eastern medicine but also for exploring the traditional medical practices of Turkic tribes in Central Asia during that period. The text contains descriptions of human anatomy and physiology, methods for diagnosing various diseases, and types of treatments. This article provides a brief overview of the historical and scientific importance of *Tansuqnāma-i Ilkhānī*, examines its content and structural features, and analyzes the process of medical knowledge and practice exchange in Central Asia. To achieve these objectives, textual-comparative, historical-source analysis, and systematization methods were applied. As a result, it was established that this work, translated by the renowned scholar Rashid al-Din al-Tabib, represents a valuable heritage that reflects the convergence of cultures and the synthesis of medieval medical traditions and paradigms.

Since the historical and cultural significance of this work has not previously been analyzed in Kazakhstani scholarship, the findings of this study are expected to serve as a practical basis for future historical-medical and source-based research.

Keywords: history of medicine, traditional medicine, medieval treatises, *Tansuqnāma-i Ilkhānī*.

Н.Н. Кайранбаева, О. Тұяқбаев*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: omirabuali@gmail.com

«Таңсұқ-нәме Илхәні» как исторический источник традиционной медицины Центральной Азии

«Таңсұқ-нәме Илхәні» – средневековый медицинский переводной труд, являющийся важным источником не только для изучения восточной медицины, но и для исследования традиционно-го медицинского опыта тюркских племен, проживавших в Центральной Азии того времени. В данном произведении описаны анатомическое строение человека, физиологические процессы,

способы диагностики различных заболеваний и методы их лечения. В статье представлено краткое описание исторической и научной значимости «Тансуқнаме-и Илхани», рассмотрены его содержание и структурные особенности, а также проанализирован процесс взаимного обмена медицинскими знаниями и практиками в Средней Азии. Для достижения этих целей использованы текстово-сравнительный, историко-источниковедческий и систематизационный методы. В результате установлено, что данный труд, переведённый известным автором Рашид ад-Дином ат-Табибом, является важным наследием, демонстрирующим синтез культур, средневековых медицинских традиций и парадигм.

Историко-культурная ценность произведения ранее не подвергалась научному анализу в отечественной науке, поэтому результаты данной статьи могут служить практической базой для последующих исследований в области истории медицины и источниковедения.

Ключевые слова: история медицины, традиционная медицина, средневековые трактаты, «Таңсұқ-наме Илхәни».

Кіріспе

Ортағасырлық Шығыс медицинасы мен фармакологиясы – бүгінгі таңда ғылыми қауымдастықтың ерекше назарын аударып отырған маңызды бағыттардың бірі. Дегенмен, медицинасы жоғары деңгейде дамыған Мауераннахр мен Хорезм өңірлерінде жазылған түркі және парсы тілдеріндегі медициналық трактаттардың едәуір бөлігі әлі де жүйелі түрде зерттелмей, ғылыми айналымға толық еңбей отыр (Тұяқбаев, 2023: 98).

Осындай толыққанды ғылыми зерттеуді қажет ететін туындылардың бірі – «Таңсұқ-наме Илхәни» атты еңбек. Бұл еңбек ғылыми әдебиеттерде «Таңсұқ-наме Илхәни дар Фунун-и Улум-и Хатай дар Фунун-и Улум-и Хита» (қаз. «Хатай ғылымдары мен өнері туралы Илхандар қазынасы»), «Таңсұқ-наме Илхәни иа тибб-и ахл-и Хита» («Илхандар қазынасы немесе Қытай халқының медицинасы») атауларымен кездесіп жатады¹. Бұл шығармадағы мәліметтерді – Қытай немесе Хатай ғылымдары мен өнері туралы деген атауына қарап нақты бір географиялық аймақпен шектеліп қарастыруға келмейтін шығарма. Қытай, Хитай атауы көне көшпенді түркі-моңғол халықтары құрған Қидан (Khitan, китаи, 契丹) мемлекеті (907–1125) атауынан қа-

лыптасқан политэтнотоним екенін ескерсек, ондағы көптеген медициналық мәліметтер тек қытай халқының ғана емес, түркі, моңғол көшпенді халықтарының да медицинасы қамтылғандығын айта кету орынды. «Таңсұқ наме иа тибб-и ахл-и Хитә» (نامه يا طب اهل ختا تنكسوق) деген атпен Таңсұқ-наменің алғашқы баспа кітабын шығарған ирандық тарихшы М. Минауи (1903-1976) кітап кіріспесінде былай деп жазады: «Жоғарыда айтып өткендей, осы «Таңсұқ наме» Қытай ғылымы мен өнері туралы Рашид ад-Диннен бұрын да парсы тілінде гауһар тастар мен асыл металдардың қасиетін зерттейтін ғылым (минералогия) жайлы «Таңсұқ наме-и Илхәни» атты шығармасы жазылып еді. Оның авторы – Ходжа Наср ад-Дин Түсі. Рашид ад-Дин Фазлаллаһ оның баласымен, шәкірттерімен замандас және жас жағынан қатарлас болды. Олардың кейбірімен жақын таныс болатын, олармен пікірталасып тұратын. Ходжа Наср өз кітабы атауының себебі жайлы былай дейді: *Бұл кітап алдыңғы өткен хәкімдердің (даналардың) айтқандарынан және зағип [пенденің] тәжірибелерімен белгілі болған нәрселерді жинақтап, осы кітабыма «Таңсұқ наме-и Илхәни» деп ат бердім. Онда патшаның алдында таңсық деп саналған әр нәрсенің, сыйсыпаттың мәнін баяндадым*».² (Rashīd al-Dīn, 1931: 3).

¹ Бұл шығарма туралы әр кезеңдегі зерттеулерді қара: Acidurman A., Şems Ş., Arda B., Kirilen G. (2022) A Preliminary Study on Chapters Related to Human Anatomy in An Illustrated Persian Medical Book: Tānksūqnāme-i İlkhān Der Funūn-i 'Ulūm-i Khafā'ī. Belleten. No 87(309), 415-437; Huard P. Propos du Tenk Suk Name (Tenksuq-nameh) // Méridiens: Revue de l'Association Scientifique des Médecins Acupuncteurs. – 1977, –No 37-38. – Б. 11-16; Persis, Berlekamp. The Limits of Artistic Exchange in XIVth-Century Tabriz: the Paradox of Rashid Al-Din's Book on Chinese Medicine // Muqarnas an Annual on the Visual Cultures of the Islamic World. Brill. – 2010, – V. 27. – P. 209–250.

² *Ин тансуқнаме чинонке пиш аз ин ишоре шуд дар фунун ва улум хито ий яъни чини аст. Пиш аз Рашид ад Дин китоб дигари беном Тансуқ наме илхони бе фориси талиф шудэ буд дар фанн джауаһир шиноси ва муаллиф он ходжа Наср ад-Дин Түсі буд ке Рашид ад-Дин Фазлуллоһ заман у ро дарк карде буд ва бо пас у ва шогердон у муасир ва ҳам синн буд ва бо баъзи аз ишон ошино ва ҳам мубохасе буд. Ходжа Наср дар сабаб тасмие-е китāб хиш гуйад ин китāб жам карде шуд аз гуфтор хукомои ма тақоддама ва онче ин за'иф ро бе таджрубат ма'лūм шуде буд, ва ин китāб ро Тансух наме-и Илхāни ном наҳодам че ҳар че беҳадис подшоһ тансух оворданд ондҷо йод карде шауад*

ابن تانكسوق نامه چنانكه پیش ازین اشاره شد در فنون و علوم ختانی
یعنی چینی است . . پیش از رشید الدین کتاب دیگری بنام تنکسوق نامه ایلخانی
بفارسی تألیف شده بود در فرق جواهر شناسی و مؤلف آن خواجه نصیر الدین
طوسی بود که رشید الدین فضل الله زمان او را درک کرده بود و با پسر او و
شاگردان او معاصر و هم سن بود و با بعضی از ایشان آشنا و هم مباحثه بود.
خواجه نصیر در سبب تسمیه کتاب خویش گوید این کتاب جمع کرده شد از
گفتار حکمای ما تقدم و آنچه این ضعیف را به تجربت معلوم شده بود، و این
کتاب را تسوخی نامه ایلخانی نام نهادم چه هر چه بخدمت پادشاه تانسوخ
آوردند آنجا یاد کرده شود .

1-сурет – «Тансұқ-наме» шығармасының 1931 ж. шыққан алғашқы баспасының 3 беті

Кітап кіріспесінен байқағанымыздай, Наср әд-Дин Туси асыл тастар туралы жазған шығармасына «Тансұқ-нәме» атауын бергенде қытай емес, түркі-моңғол тіліндегі «таңсық» сөзін ғажайып, таптырмас таңсық дүние деген мағынасында қолданып, кітап атауына таңдап алған. Кейін Рашид ад-Дин де осы атауды алып, сол мағынасында аударма шығармасына қолданады.

Аталған шығарманың далалық медицинаны зерттеуде ғылыми маңыздылығы бірнеше аспектіден көрініс табады. Біріншіден, ол, мәтінде жиі кездесетін «Ахли Хатай» (یا تخ له) – «Хатай тұрғындары») ұғымы контексте нақты ұлт емес, кеңірек географиялық-мәдени кеңістікті білдіреді. Ортағасырлық дереккөздерде бұл атау қазіргі Қытай аумағынан бөлек, Алтай, Шығыс Түркістан және Моғолстан өңірлерін де қамтыған болуы мүмкін (Chan, 2022: 3). «Ахли Хатай» ұғымын этностық белгімен шектемей, оны тарихи-мәдени және географиялық категория ретінде қарастырған орынды. Сонымен қатар Хатай өңірін түркі халықтары қоныстанған тарихи мекен ретінде қарастыруға толық негіз бар (Róna-Tas, 2016: 160). Екіншіден, орта ғасырларда Шығыс Түркістан аумағында қаңлы, қарлұқ, найман, үйсін, тухси тәрізді түркі тайпалары мекендеген. Бұл аймақ Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды мәдени тоғыс нүктесі ретінде қытай, араб, парсы және түркі өркениеттерінің өзара ықпалдастығын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, ұйғырлар Қытай және тибет жазуын меңгеріп, өз жазба дәстүрін қалыптастыру арқылы медициналық білімді жүйелі түрде қа-

ғазға түсіріп, оны кітап түрінде сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге және қытай медицинасының теориялық негіздерін игеріп, ықпалдастыруға мүмкіндік алғаны белгілі (Brose, 2017: 117). Сонымен қатар, кітаптың кіріспесінде автор «Тансұқ-нәме» атауын таңдағанда, қытай тілінен емес, түркі тілдеріндегі «таңсық» сөзін негіз етіп алған. Мұнда «таңсық» сөзі – ғажайып, сирек кездесетін, құнды дүние деген мағынада қолданылған (Тұяқбаев, Ө., 2024: 84). Демек, қолжазба парсы тілінде жазылғанымен, мазмұндық тұрғыдан түркі-мұсылмандық дүниетаным мен Қытай медицинасының синтезін құрайды. Осыған байланысты бұл еңбек тек Иран немесе Қытай тарихы үшін ғана емес, сондай-ақ Түркі әлемі мен Орталық Азия халықтарының рухани және ғылыми мұрасын зерттеу тұрғысынан да құнды дереккөз болып табылады.

Тарихи деректер Орталық Азияда моңғол, ұйғыр, қытай және түркі халықтарының ортағасырлық кезеңде тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Олар сауда, қолөнер, медицина, музыка және тілдік тәжірибе салаларында өзара алмасу арқылы ерекше мәдени синтез қалыптастырған. Осылайша, қолжазбада сипатталған кеңістіктер мен ұғымдарды тарихи-мәдени контексте қарастыру Түркі дүниесінің Қытаймен, Ислам өркениетімен және парсы мәдени кеңістігімен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, «Тансұқ-нәме Илхәни» тек қытай медицинасы туралы емес, сол дәуірдегі түркі-қытай медициналық танымының өзара ықпалдастығын көрсететін еңбек

ретінде де бағалануы тиіс. Қытайлар бұл білімді жүйелеп қағазға түсіргенімен, оның негізінде көшпелі түркі халықтарының, әсіресе мал шаруашылығына байланысты халықтық тәжірибесі жатқаны байқалады.

Ортағасырлық деректерде Түркістан аймағының шекарасы әлдеқайда кең болған: ол қазіргі Қазақстанмен қатар, Ауғанстан мен Иранның кейбір аймақтарын да қамтыған. Осылайша, қолжазбада сипатталған кеңістіктер мен ұғымдарды тарихи-мәдени контекстінде қарастыру, Түркі дүниесінің Қытаймен, Исламмен және парсы өркениетімен өзара ықпалдастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысы тарих, аударматану және деректану ғылым салаларына тікелей байланысты болғандықтан, мақалада пәнаралық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында «Таңсұқ-нәме Илхәнй» атты ортағасырлық медициналық трактаттың тарихи және ғылыми маңызын ашуға бағытталған талдаулар жүргізілді.

Мақаланың негізгі зерттеу мәселесі – еңбектің Ортағасырлық Орталық Азия медицинасы тарихындағы орны мен деректік құндылығын анықтау. Ұсынылған гипотеза – «Таңсұқ-нәме Илхәнй дар фунун-и улум-и Хатай» еңбегі – тек шығыс медицинасы дәстүрін тануға ғана емес, сондай-ақ ортағасырлық Орталық Азияда өмір сүрген түркі тайпаларының дәстүрлі медициналық тәжірибесі мен қытайлық үлгілердің ықпалдасуын зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды әрі көпқырлы дереккөз болып табылады.

Зерттеу кезеңдері ретінде ең алдымен трактат туралы қолда бар ғылыми әдебиеттермен танысу, сол еңбектерге талдау жасау және алынған мәліметтерді жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеудің дереккөздері ретінде түрік, ағылшын және француз тілдеріндегі екінші деңгейлі зерттеулер пайдаланылды. Ғылыми аударма, сипаттамалық талдау, деректанулық шолу және жүйелеу тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

1. «Таңсұқ-нәме Илхәнй» еңбегінің тарихи және ғылыми маңызы

«Таңсұқ-нәме Илхәнй дар фунун-и улум-и Хатай» атты шығарманы Илхан мемлекеті билік жүргізген кезеңдегі көрнекті мемлекет қайраткері Рашид әд-Дин Фазл Аллах Хамадани (1247–

1318) парсы тіліне аударып, қытайлық медициналық жүйенің ерекшеліктерін көрсете отырып, оны исламдық-медициналық таныммен ұштастыруға тырысқан. Еңбек төрт томнан тұрғанымен, қазіргі уақытта тек бірінші томы – Қытай медицинасын сипаттайтын бөлім ғана сақталған.

Аталған еңбек өткен ғасырдан бастап зерттеліп, ағылшын, француз, түрік, парсы тілдерінде зерттеулер жарияланған болатын. Ғылыми әлемге және медицина тарихына алғаш рет 1939 жылы түрік медицина тарихшысы профессор А. Сүхейл Үнвер таныстырды. Бұл кітаптың кіріспесі мен кейбір бөлімдері парсы тілінен түрік тіліне А. Баки Гөлпынарлы тарапынан аударылған. Гөлпынарлы еңбекте «Ислам падишахы» деп аталған тұлғаны Олжайту Ходабенденің алдындағы билеуші – Махмұд Ғазан (1295–1304 жж. билік еткен) деп болжаған (Ünver, 1939: 10).

Үнвер Сүхейлдің зерттеуі бойынша, автор Хатайдан және Шығыс аймақтарынан келген өзге ғалымдармен кездесіп, олардың пікірлерін ғылыми тұрғыда талдайды. Кіріспеде Харун ар-Рашид дәуірінде грек медицинасынан аударылған еңбектер арқылы ислам медицинасының жаңғыруына жоғары баға береді. Сондай-ақ Хатай аймағындағы ұйғырлардың ғылымы мен дәстүрлеріне ерекше тоқталып, олардың Қытай мәдениетіне жақындығын атап өтеді. Осылайша, ол Орта Азия мен Хатай дәрігерлерінің идеяларын ислам әлеміне танытуға ықпал еткенін көрсетеді. Үнвер Сүхейл аталған шығарма жайлы осылайша пікірін қалдырды: «Бұл еңбек ислам әлеміне беймәлім болған Қытай мен түркі медицинасының ерекшеліктерін танытуды көздейді. Сонымен қатар, Қытай, Хатай және Орта Азияның сурет өнері мен мәдениетінің Иран мен Месопотамияға тарағанын атап өтеді. Бұл еңбектің авторы көп саяхаттаған, бірнеше тіл меңгерген және түрлі елдердің ғалымдарымен тығыз байланыста болған тұлға ретінде сипатталады. Автордың ұзақ уақыт бойы осы еңбекке жауапкершілікпен қарағаны байқалады. Әлі табылмаған үш томнан тұратын бұл төрт томдық еңбек ғалымның өміріндегі ең маңызды кезеңді бейнелейді» (Ünver, 1939: 12).

Француз тілінде жарияланған мақала авторлардың бірі Абдолхак Аднан (Адывар) 1940 жылы өзінің зерттеулерінде еңбектің аудармашысы ретінде танымал **Фазлуллаһ Рашид ад-Дин ибн Имад ад-Даула Әбу әл-Хайыр** (1247–1318) болуы мүмкін екенін болжады. Бұл болжамын ол Рашид ад-Диннің «*Жәмиғ ат-Тасаниф ар-Рашиди*» атты арабша шығармасы-

ның кіріспесіне сүйене отырып ұсынған (Adıvar, 1940: 44). Бұл болжамын қытай зерттеушісі Г. Ши де растайды: «Рашид әд-Дин Фазл Аллах Хамадани – Иранның батысындағы Хамадан қаласында дүниеге келген көрнекті қайраткер. Ол 1295–1304 жылдар аралығында билік еткен Фазан ханның тұсында уәзір қызметін атқарған. Өкінішке қарай, 1318 жылы Рашид әд-Дин Фазл Аллах Хамадани өлім жазасына кесіліп, Рабғ-и Рашиди кешені тоналып, қиратылғаннан кейін, бұл еңбек Иранда ұмыт бола бастады» (Shi, 2020: 52).

1977 жылы жариялаған француз ғалымы Пьер Юардың (Pierre Huard) зерттеуінде «Таңсұқ-нәме Илхәһи» шығармасын қытайлық ғалым Ван Шухэмен (Wang Shu Ho) байланыстырып, оның «Мө-Кинг» және оның апокрифтік нұсқасы «Мө-Куэ» атты шығармалары туралы ақпарат береді (Huard, 1977: 15).

2001 жылы мақалаларын жариялаған Феликс Кляйн-Франке мен Чжу Мин атты зерттеушілер өз мақаласында былай жазады: «Рашид әд-Дин – аса көрнекті ғалым әрі мұсылман тарихшыларының ең атақтыларының бірі болған. Ол моңғолдар құрған Илхан әулетінің үш бірдей ханына бас уәзір ретінде қызмет еткен. Дәрігерлік мамандықты игерген Рашид әд-Дин Қытай медицинасымен ерекше қызыққан. Осы мақсатта ол шәкірттерінің бірін Қытайға жіберіп, қытайдың медициналық әдебиеттерін жинауға тапсырма береді. Кейін бұл еңбектер парсы, араб және моңғол тілдеріне аударылып, өзі тарапынан өңделіп шыққан. Ол бұл жинақты «Тансукнама» – «Құнды мәліметтер кітабы» деп атап, оған «Қытай ғылымының үнділік қазынасы» деген қосымша атау берген». Сонымен қатар, «Таңсұқ-нәме Илхәһидің» Ван Шухэнің еңбегі емес, басты дереккөзі – Гао Яншэннің «Май Цзюэ» атты еңбегі деген тұжырымға келеді (Klein-Franke, 2001: 564).

Пекин университетінің ғалымы Г. Ши (2022) «Ирандағы Ван Шухэнің «Май Цзюэ» шығармасы» атты мақаласында бұл еңбекті Батыс Цзин әулеті кезеңінде өмір сүрген қытайлық дәрігер Ван Шухэге (201–208 жж.) тиесілі деп көрсетеді. Ол парсы тіліндегі аударма мен қытайша нұсқаны салыстырмалы талдау негізінде, «Майцзюэ» еңбегі «Таңсұқ-нәме Илхәһи» арқылы Иранға таралғанын айтады. Түпнұсқаның кейбір бөліктері сақталмағандықтан, зерттеуші бұл парсыша аударманың бастапқы мәтінді қалпына келтіруге елеулі үлес қосатынын атап өтеді (Shi, 2020: 55).

Ван Шухэ (180-210 – 270-285) – Хань әулеті мен Үш патшалықтың ежелгі қытай дәрігері. Ван Шухэ импульстік диагностика, фармакология және медицинаның басқа салаларын зерттеді. Ол Чжан Чжунциннің «Шан Хан Лун» («Суықтың зиянды әсері туралы») еңбегін өңдеп, қайта басып шығарды. Өмірінің соңында ол импульстік диагностикаға арналған алғашқы арнайы еңбек «Мо Цзин» («Пульс каноны») 10 томдық еңбегін жазды. «Мо Цзин» импульс туралы білімді егжей-тегжейлі жүйелеуді қамтамасыз етеді, импульстің 24 түрлі түрін және олардың диагностикалық мәнін егжей-тегжейлі сипаттайды және пульсті пальпациялаудың көптеген әдістерін зерттейді. Уақыт өте келе «Мо Цзин» қытай пульсологтары үшін негізгі кітап болды. 8 ғасырда Жапония мен Тибетте, 14 ғасырда Таяу Шығыста, 18 ғасырда Еуропада белгілі болды (Wang, 2000). Бұл туынды, «Ван Шухэ Майцзюэ» (ауд. Ван Шухэнің тамырлар жөніндегі ұйқастары (немесе «Майцзюэ») («Тамыр соғысын анықтау ережелері» (Yongxuan, 2022: 349) деген атаумен танымал. Ол – тамыр соғысын анықтауға арналған және ұйқас түрінде жазылған еңбек.

Соңғы зерттеулердің қатарына түрік ғалымдардың бірлесіп жазған «Иллюстрацияланған парсы медициналық кітабындағы адам анатомиясына қатысты тараулар бойынша алдын ала зерттеу: Таңсұқ-нәме Илхәһи дер Фунун и 'Улум и Хата'и» атты ғылыми мақаласын атауға болады. Авторлар бұл еңбектің XIV ғасырдағы Илхандық Иранда қытай, парсы және исламдық медицина білімдерінің тоғысуының көрінісі екенін көрсетеді. Мақалада анатомиялық суреттер мен олардың мазмұнына салыстырмалы талдау жасалып, қытай медицинасының әсері және мәліметтердің парсы тіліне қалай бейімделгені туралы қорытындылар беріледі (Acıduman, 2023: 420).

«Таңсұқ-нәме Илхәһи дар фунун-и улум-и Хатайи» кітаптың төрт бөлімінің тек біріншісі және Рашид әд-Диннің көлемді кіріспе сөзі ғана парсы тіліндегі жалғыз қолжазба түрінде сақталған. 713 хижра жылы (1313 ж.) Мұхаммед бин Ахмад бин Махмұд тарапынан көшірілген нұсқасы қазіргі уақытта №3596-нөмірмен тіркеліп, Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласындағы Айя-София кітапханасының қорында сақтаулы (*Tānksūqnāme-i İlkhān*, 1313). 1931 жылы Тегеран университеті осы қолжазбаның факсимиле нұсқасын жарыққа шығарып, оған еңбектің құрылу тарихына қатысты алғысөзді белгілі иран-

дық тарихшы Мужтаба Минауи жазған (Rashīd al-Dīn, 1931).


Түркиялық нұсқалар да парсы тіліндегі түп-нұсқадан тікелей аударылғандықтан, екі елдегі мәтіндік құрылымда айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Түрік ғалымдары аударма барысында түсініксіз немесе мағынасы ашылмаған кей тұстарды бос қалдырғаны байқалады.

2. «Таңсұқ-нәме Илхәни дар фунун-и улум-и Хатайи» атты еңбектің ерекшелігі мен мазмұны

Парсы тіліне аударылған Қытайдың дәстүрлі медицинасы туралы алғашқы еңбек

ретінде «Таңсұқ-нәме Илхәни» – Орта ғасырлар кезеңінде Қытай мен Батыс Азия арасындағы мәдени және медициналық ғылым алмасуын зерттейтін ғалымдар үшін құнды әрі бірегей дереккөз болып табылады. Еңбек медицина мен анатомия саласына арналған бөлімдерімен ерекшеленеді. Оның ішінде адам дене құрылымын сипаттайтын 20-дан астам анатомиялық сурет қамтылған (Ünver, 1939).

«Таңсұқ-нәме Илхәни дар Фунун-и Улум-и Хатайи» атты еңбектің бірінші томы жалпы он екі тараудан тұрады. Әр тарау бірнеше бөлімдерге және тармақтарға бөлінген (Сурет 2).



2-сурет – «Таңсұқ-нәме Илхәни дар Фунун-и Улум-и Хатайи» атты бірінші кітаптың алғашқы алты тарауы Ескерту – (Ünver, 1939) дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Алғашқы алты тарауы мазмұны жағынан жүйелі түрде көрсетілген. Әр тарау адамның дене мүшелері, физиологиялық қызметтері, рухани болмысы және табиғатпен байланысы туралы нақты мәліметтер береді. «Тоғыз» деп аталатын **бірінші тарау** төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – «Он» деп аталады. Онда алтын, ағаш, су, от және топырақтан тұратын төрт негізгі элементтің айналымы мен табиғи қасиеттері туралы егжей-тегжейлі мәлімет беріледі. Сонымен қатар, бұл элементтердің діни мәтіндер мен се-

нім жүйелері негізінде жаратылыс (мақлұқат) процесіндегі рөлі сипатталады. Пішіндер (формалар) туралы танымдық түсініктер де осы бөлімде қамтылған. Екінші бөлім нұр мен түнектің (қараңғылықтың) жаратылу тәртібіне, табиғи элементтердің (анасыр) қалай пайда болғанына, олардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін жаратылғанына қатысты сенімдерге негізделген мәліметтерді ұсынады. Сонымен қатар, әлемнің жаратылуы мен ондағы барлық тіршілік иелерінің (мақлұқаттың) шығу тегі егжей-тегжейлі

баяндалады. Үшінші бөлім – «Он екі» деп аталатын кітаптың негізінде құрылған. Бұл бөлімде есеп және жазу іліміне қатысты мәліметтер беріледі. Автор бұл білімдердің толық әрі түпкі шындығы тек Алла Тағалаға ғана мәлім екенін ескертеді. Төртінші бөлім – «Он үш» деп аталады. Мұнда адам болмысы туралы теориялық сипаттамалар мен жіктеулер берілген. Бұл бөлімде адамның жаратылыс жүйесіндегі орны мен мәні туралы пайымдаулар беріледі (Ünver, 1939).

Екінші тарау — бірінші кітаптың екінші тарауы он төрт тақырыпты қамтиды. Бұл тарауда адам денесіндегі барлық ішкі ағзалар – ірісі мен кішісі – «ішкі мүшелер» деп аталып, олардың құрылымы мен қызметі жан-жақты сипатталады. Аталған тарау он бес бөлімнен тұрады. Алғашқы алты бөлімі адам ағзасының анатомиялық құрылысы мен мүшелер жүйесіне арналған: жұтқыншақ, бас мүшелері, асқазан, жіңішке және тоқ ішек, және олардың суреттері, жүрек пен артериялардың орналасуы мен қызметі, қабырғалар мен рухтың (жанның) сол жер арқылы өтуі туралы, асқазан мен тыныс жолдарының құрылымы және көлемі, нәжіс, тоқ ішек, зәр мен тердің денеде бөліну жолдары және олардың бейнесі, оң жақ бүйрек, жіңішке және тоқ ішектер, қуық және олардың бейнеленуі сияқты анатомиялық және физиологиялық сипаттағы мәліметтерді қамтиды. Жетінші бөлімнен он екінші бөлімге дейін қан айналымы жайлы мағлұмат берілген. Жетінші мен сегізінші бөлімінде қан айналымының аспандағы жұлдыздардың қозғалысына, күн қозғалысына, уақыттың сағатымен өлшенуіне, өзендер мен теңіздердің қозғалысына ұқсатылып, салыстырылды. Тоғызыншы бөлімде тәулік ішінде қанның адам ағзасында қаншалықты айналатыны, сол уақыт аралығында адамның неше рет тыныс алатыны және бұл процестерге қатысты шеңберлік сызба келтіріледі. Оныншы бөлімде тамыр соғысының ерекшеліктері, дене мен қолдағы тамыр соғысы сезілетін негізгі нүктелер және олар туралы сызбалар ұсынылады. Он бірінші бөлімде адам ағзасының аспан мен жерге ұқсатылуы және тамыр соғысы нүктелері бойынша жүргізілген тәжірибелік бақылаулар сипатталады. Он екінші бөлім ер адамдардың шынашақтағы тамыр соғысы ортаңғы және сұқ саусаққа қарағанда әлсіз сезілетінін баяндайды. Он үшінші бөлімде мизаждардың (темпераменттердің) пайда болу ерекшеліктері, олардың өзара әрекеттесуіндегі ықпалдары мен келтіретін зияндары сипатталады. Он төртінші бөлім бас пен мидың қызметтері туралы медициналық

тұжырымдар мен олардың көрнекі бейнеленуін қамтиды. Он бесінші бөлімде бастың жылулығына байланысты төрт бағытқа (шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік) жататын тамырлар мен олардың сипаттамалары беріледі (Ünver, 1939).

Үшінші тарауда адамның рухани болмысы мен ішкі қуаты – рух, ми, қан, жылулық пен суықтықтың өзара әрекеттестігі түсіндіріледі. Тарау он төрт бөлімнен тұрады. Бірінші-үшінші бөлімдерде шаш, қас және беттегі түктерге қатысты үкімдер мен сипаттамалар берілген. Төртінші және бесінші бөлімдерде шәуеттің пайда болу жолы және рух (жан) туралы мәліметтер қамтылған. Алтыншы және жетінші бөлімдер қанның пайда болуы мен оның рухпен бірге айналу тәртібіне арналған. Сегізінші бөлімде ми мен жұлынның жай-күйі және оған қатысты үкімдер сипатталады. Тоғызыншы бөлімде жиырма төртке қатысты үкімдер берілген (нақты мазмұны контекстке байланысты анықталады). Оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші бөлімдер ауа, қыс мезгілі, жылулық және ылғалға қатысты үкімдерге арналған. Он төртінші бөлімде ер адамдарда пульс анықтау үшін оң қолдың, әйелдерде сол қолдың маңызды саналатыны айтылған (Ünver, 1939).

«Жиырма бесінші» деп аталатын **төртінші тарау** он екі түрлі тамыр соғысы, олардың атаулары мен физиологиялық сипаттамаларына арналған. Тарау он бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде он екі түрлі тамыр соғысының сипаттамасы, соғу жиілігі және ірі ағзалардың анатомиялық ерекшеліктері берілген. Бұл бөлім он екі тараушадан тұрады, олардың әрқайсысы жиырма алтыншыдан бастап отыз жетіншіге дейінгі атаумен ерекшеленетін тамыр соғысының жеке түрлерін сипаттайды. Екінші бөлімде он екі тамырдың ішкі ағзалармен байланысы қарастырылады. Ол екі негізгі бөлікке бөлінеді: 1-бөлікте сол жаққа қатысты жеті мүше мен оларға тиесілі алты тамыр сипатталады (жүрек, ішек, бауыр, өт қабы, сол жақ бүйрек және қуықтың анатомиясы); 2-бөлікте оң жақтағы жеті мүше мен алты тамырдың атаулары мен орналасуы беріледі (өкпе, тоқ ішек, тыныс жолдары, асқазан, оң жақ бүйрек және отыз сегізінші деп аталатын мүше). Үшінші бөлім ерлер мен әйелдер арасындағы физиологиялық айырмашылықтарға арналған. Төртінші бөлімде тамыр соғысын тексеру әдістері мен оларды бағалау тәртібі баяндалады. Бесінші бөлімде медициналық ілімдегі жетекші бес басшы мен олардың алты көмекшісі туралы әртүрлі пікірлер негізінде мәліметтер келтіріл-

ген. Алтыншы бөлімде тамыр соғысына қарап ауруларды анықтау және олардың сипаттамалары ұсынылған. Жетінші бөлім төрт маусымға байланысты тамыр соғысының ерекшеліктерін қамтиды. Бұл бөлімде көктем, жаз, күз, қыс мезгілдеріндегі физиологиялық өзгерістер, маусым соңындағы үкімдер, тыныс жолдарының жағдайы және олардың маусымдық әсері туралы алты тарауша бар. Сегізінші-тоғызыншы бөлімде жылулық пен суықтыққа байланысты тамыр соғысының түрлері сипатталады. Оныншы бөлімде бір тәулік ішінде адамның қанша рет тыныс алатыны және қанның қаншалықты айналатыны туралы нақты физиологиялық мәліметтер мен бақылау нәтижелері беріледі (Ünver, 1939).

Бесінші тарау – адам ағзасындағы бес ірі мүшенің саулығы мен сырқаттарына байланысты сипаттама. Бұл тарауда адам ағзасындағы негізгі бес ірі мүшенің – жүрек, бауыр, бүйрек, сондай-ақ тыныс алу жүйесі мен белгісіз бір мүшенің – анатомиялық-функционалдық жағдайы мен патологиялық ауытқулары қарастырылады. Тарау бес бөлімнен тұрады: 1-бөлімде жүрекке қатысты үкімдер мен оның қызметтік ерекшеліктері сипатталады. Бөлім үш тармақтан («Қырық тоғызыншы», «Қырқыншы», «Қырық бірінші») тұрады; 2-бөлім бауырдың физиологиялық қызметі мен патологиялық жағдайларына арналған. Бұл бөлім де үш тармақтан тұрады: «Қырық үшінші», «Қырық төртінші», «Қырық бесінші». 3-бөлімде бүйрекке (арабша: күллә) қатысты сипаттамалар келтірілген. Бұл бөлім «Қырық алтыншы» деп аталады және үш тармаққа бөлінген: «Қырық жетінші», «Қырық сегізінші», «Қырық тоғызыншы». «Елуінші», «Елу бірінші», «Елу екінші», «Елу үшінші». 4-бөлімнің нақты қай ағзаға қатысты екені түпнұсқадан анықталмағанымен, оның құрылымдық мазмұны басқа мүшелерге арналған бөлімдермен ұқсас. 5-бөлімде тыныс алу жолдарының жалпы жағдайы мен ауру белгілері сипатталады. Бөлім «Елу төртінші» деп аталады және үш тармақты қамтиды: «Елу бесінші», «Елу алтыншы», «Елу жетінші» (Ünver, 1939).

Алтыншы тарауда қолмен тамыр соғысын анықтау тәсілдері сипатталады. Қолдың әр бөлігінің (саусақ, білезік, алақан) ағза мүшелерімен байланысы, диагностикада қолданылуы, сонымен қатар жылулық пен суықтықтың әсері баяндалады.

Кейінгі 7–12-тарауларда да адам пульстері сипатталады. Әр тарауда белгілі бір пульс түрінің соғу ырғағы, оның қалыпты немесе пато-

логиялық ерекшеліктері, сондай-ақ науқастың денсаулығына ықпалы қысқа әрі нақты түрде берілген. **Жетінші тарау** «Елу тоғызыншы» деп аталады. Мұнда тамыр соғысы түрлерінің бөлінуі, олардың сипаттамалары және тамыр соғысының жиырма төрт түрге бөлінетіні туралы айтылады. Бұл жиырма төрт түр үш негізгі топқа біріктірілген: Бірінші топ – жеті түрлі пульс (тамыр соғысы түрі); Екінші топ – сегіз түрлі пульс; Үшінші топ – тоғыз түрлі пульс. Бұл тарауда 59-дан 67-ге дейінгі пульс түрлері сипатталады. **Сегізінші тарау** «Алпыс сегізінші» деп аталады. Мұнда екінші бөлімге жататын тамыр соғыстары, атап айтқанда, алпыс тоғызыншыдан бастап белгілі бір атаумен аталған пульс түрлері сипатталады. Тарау сегіз бөлімнен тұрады, әрі 68-ден 77-ге дейін пульс түрлерін сипаттайды. **Тоғызыншы тарау** «Жетпіс сегізінші» деп аталады. Тарау үш бөлімнен тұратын, 78-ден 88-ге дейінгі пульс түрлері сипатталады. **Оныншы тарау** «Сексен тоғызыншы» деп аталады және жетінші бөлімнен тұрады. Әр бөлім 2-6 бөлімнен тұрады. Тарауда тамыр соғысы арқылы аурудың жағдайын, өмір мен өлім арасындағы айырмашылықтарды анықтау мәселелері қарастырылады. **Он бірінші тарау** «Сексен сегізінші» деп аталады. Мұнда науқастардағы тамыр соғысының өмір мен өлімге қатысты белгілері және аурулардан алынатын дәлелдер қарастырылады. Тарау екі бөлімнен және жиырма бір бөліктен тұрады. Бұл тарауда тері, құлақ, ауыз, мұрын шаш, ерін (жоғарғы, төменгі), тырнақ, т.б. сияқты дене мүшелермен қатар, басты диагностика нысаны ретінде көз мүшесі қарастырылады (1, 3, 4, 5, 7-бөлімдер). Бұл көздің тек көру мүшесі емес, ішкі ағзалардың «айнасы» екенін көрсетеді. **Он екінші тарау** «Жүз екінші» деп аталып, он бөлімнен тұрады. Тарауда жүктілік, ұрпақ денсаулығы және жаңа туған нәрестелердің жағдайы туралы түсініктер мен диагноздық белгілер келтірілген. Жүкті әйелдердің тамыр соғысы, жүкті әйелдердегі патологиялық жағдайлары, Кеуде мен іш ауруларына шалдыққан жүкті әйелдер туралы, Жүкті әйелдердің ішкі жағдайына әсер ететін түрлі жарақаттар, Туу кезіндегі қиындықтар сияқты диагностикалық белгілер талданады. Нәрестенің өмір сүру мүмкіндігін анықтауда бірқатар клиникалық және физиологиялық белгілер ескеріледі, олар: көз бен тамырлардың қызаруы, бауырдың тығыздығы, мұрын мен іштің жағдайы, көз алмасының көрінісі, тырнақтардың күйі, баланың дауысы, іш өту (диарея), тамыр соғысының өзгерістері, тілдің жағдайы, тағамға қы-

зығушылық, ауыз қуысының күйі, дене қызуы мен жаралар, терідегі бөртпелер және баланың еріксіз қозғалыстары.

Қорытынды

«Таңсұқ-нәме Илхәни» еңбегі – дала медицинасы мен түркі халықтарының табиғи-тәжірибелік емшілік дәстүрін қайта бағамдауға үлес қосатын, назардан тыс қалып келе жатқан құнды мәдени мұра. Оны зерттеу – тек тарихи шындықты қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия өркениеттері арасындағы ғылыми-мәдени алмасу процестерін тереңірек ұғынуға жол ашады.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – «Таңсұқ-нәме Илхәни дар фунун-и улум-и Хатай» атты ортағасырлық шығарманың ғылыми айналымдағы орнын анықтау, оның мазмұнын тарихи-медициналық тұрғыдан талдау және дәстүрлі шығыс пен Орталық Азия медицинасы арасындағы ықпалдастықты айқындау болды. Жұмыста сипаттамалы, аударма, деректанулық және жүйелеу әдістері қолданылды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде «Таңсұқ-нәме Илхәни» еңбегі – ортағасырлық медицина білімдердің тоғысуын сипаттайтын маңызды ғылыми еңбек екені айқындалды. Оның мазмұны қытай, түркі және ислам медицинасының өзара ықпалын көрсетіп, ғылыми және мәдени байланыстардың үздіксіздігін дәлелдейді. Бұл еңбек арқылы ислам әлемі Қытай медицинасының жетістіктерімен танысып, оны өз тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік алды.

Бұл жұмыстың ғылыми маңызы – медициналық және мәдени тоғыстарды сипаттайтын сирек жазба ескерткішті жүйелі талдау арқылы ортағасырлық ғылымның трансмәдени сипатын көрсетуінде. Сонымен қатар, еңбек қазіргі тарих, антропология, түркология және шығыстану ғылымдары үшін маңызды материал ретінде танылып отыр.

Аудармашылар мен зерттеушілердің еңбектері бұл шығарманың ғылыми айналымға енуіне үлкен үлес қосты. Бүгінде «Таңсұқ-нәме Илхәни» медицина тарихын, Жібек жолы бойындағы ғылыми алмасуларды және Орта Азия мен Қытайдың мәдени байланыстарын зерттеу үшін маңызды дереккөз болып қала береді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл еңбек тек медицина тарихы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы ғылым үшін де құнды материал болып табылады.

Болашақта аталмыш шығарманың түпнұсқа мәтінімен жұмыс істеу, салыстырмалы деректік зерттеулер жүргізу, сондай-ақ оны медициналық терминология мен дәстүрлі тәжірибелер тұрғысынан талдау – «Таңсұқ-нәме Илхәни» еңбегінің ғылыми айналымдағы орнын тереңдете түсуге ықпал етеді.

Алғыс

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP19675139 Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсұқ-нәме Илхәни», «Асрәр ал-атибба'» гранттық жоба аясындағы зерттеулер бойынша жарияланды.

Әдебиеттер

- Aciduman, A., Şems, Ş., Arda, B., & Kırilen, G. (2023). A preliminary study on chapters related to human anatomy in an illustrated Persian medical book: *Tānksūqnāme-i İlkhān der Funūn-i 'Ulūm-i Khaṭā'ī*. *Belleten*, 87(309), – P. 415–437. <https://doi.org/10.37879/belleten.2023.415> (In English)
- Adivar, A. [Adnan]. (1940). Sur le Tanksukname-I-Ilhani der Ulum-U-Funun-I-Khatai. *Isis*, 32(1), – P. 44–47. (In French)
- Brose, M. C. (2017). The medieval Uyghurs of the 8th through 14th centuries. In M. Biran & J. A. Chao (Eds.), *The Cambridge history of the Mongol Empire* – P. 116–134. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781108297812.009> (In English)
- Chan, A., Sadykov, T., Blochin, J., Hajdas, I., & Caspari, G. (2022). The polymorphism and tradition of funerary practices of medieval Turks in light of new findings from Tuva Republic. *PLOS ONE*, 17(9), 1–30. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0274537> (In English)
- Huard, P. (1977). A propos du *Tenk Suk Name (Tenksuq-nameh)*. *Méridiens: Revue de l'Association Scientifique des Médecins Acupuncteurs*, 37–38, 11–16. (In French)
- Klein-Franke, F., Zu, M., Dai Q. (2001). The Passage of Chinese medicine to the West. *The American Journal of Chinese Medicine*. Vol. 29, No. 3-4, – P.559-565. <https://doi.org/10.1142/S0192415X01000587> (In English)
- Liang, Y., & Huang, Y. (2022). Wang Shuhe and his *Pulse Classic* // *Journal of Traditional Chinese Medical Sciences*. Vol. 9(4), – P. 349–350. <https://doi.org/10.1016/j.jtcms.2022.09.010> (In English)
- [Rashīd al-Dīn]. (1313). *Tānksūqnāme-i İlkhān Der Funūn-i 'Ulūm-i Khaṭā'ī* [Manuscript]. İstanbul Süleymaniye Manuscript Library, Ayasofya Collection, No. 3596. Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı. (In Persian)
- Rashīd al-Dīn Ṭabīb (1931). *Tansyknāme-i İlkhānī iā Tibb Ahl-e Hitā'* / (M. Mīnavī, Ed.). Tehrān. – 519 p. (In Farsi)

- Róna-Tas, A. (2016). Remarks on the ethnonym Khitan // *Turkic Languages*, 20(2), – P. 157–169. <https://doi.org/10.13173/TL/2016/2/157> (In English)
- Shi, G. (2020). Wang Shuhe Maijue in Iran. In X. Li (Ed.), *Non-Han literature along the Silk Road*. Springer Singapore. – pp. 47–59. https://doi.org/10.1007/978-981-13-9644-1_3 (In English)
- Ünver, A. S. (1939). *Tanksuknamei İlhan der Fünunu Ulümü Hatai Mukaddimesi* (B. Gölpınarlı, Trans.). İstanbul Üniversitesi Tıp Tarihi Enstitüsü. – 112 s. <https://doi.org/10.26650/AB/AA08.2022.157> (In Turkish)
- Wang, Z., Chen, P., & Xie, P. (1999). *History and development of traditional Chinese medicine* (Vol. 1). IOS Press / Science Press. – 287 p. (In English)
- Тұяқбаев Ө., Шадкам З., Кайранбаева Н. (2023). Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұрасы – «Асрәр ал-атибба'» // *ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы*. № 4 (107). – Б. 97–104. <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.010>
- Тұяқбаев, Ө., Жиренов, А., Қыдырбаева, Ү. (2024). Мемлекеттік бағдарламалардың жазба мұраларды зерттеудегі рөлі. *Қоғам және дәуір*. № 1(81), – Б. 76–89. <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024-1.06>

Авторлар туралы мәлімет:

Кайранбаева Назым Нургельдиевна – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының доцент м. а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com);

Тұяқбаев Өмір Оразұлы (жауапты автор) – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Жазба жәдігер және рухани мұра» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: omirabuali@gmail.com).

Information about authors:

Kairanbayeva Nazym – PhD, Acting Associate Professor of Department of Turkology and History of Eastern Countries at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com);

Tuyakbayev Omir (corresponding author) – PhD, Scientific Researcher of the Scientific Research Center «Written Monuments and Spiritual Heritage» at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: omirabuali@gmail.com).

Сведения об авторах:

Кайранбаева Назым Нургельдиевна – PhD, и. о. доцента кафедры тюркологии и истории стран Востока Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com);

Тұяқбаев Омир Оразұлы (автор-корреспондент) – PhD, научный сотрудник научно-исследовательского центра «Письменное и духовное наследие» при Казахском национальном университете имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: omirabuali@gmail.com).

Келіп түсті 30 маусым, 2025 жыл
Қабылданды 30 қараша, 2025 жыл